

Аудандық әкімдігінің 2013 жылғы 25 желтоқсандағы № 702 "Махамбет ауданы әкімдігі мемлекеттік қызметшілерінің қызмет этикасының қағидаларын бекіту туралы" қаулысының күші жойылды деп тану туралы

Атырау облысы Махамбет ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 5 қаңтардағы № 8 қаулысы Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабына, 1998 жылғы 24 наурыздағы "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңының 21-1-бабына сәйкес аудандық әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Аудандық әкімдігінің 2013 жылғы 25 желтоқсандағы № 702 "Махамбет ауданы әкімдігі мемлекеттік қызметшілерінің қызмет этикасының қағидаларын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2014 жылдың 17 қаңтардағы № 2847 болып тіркеліп, аудандық "Жайық шұғыласы" газетінің 2014 жылғы 23 қаңтардағы № 3 (6108) санында жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалысын бақылау Махамбет ауданы әкімі аппаратының басшысы Н. Қалиевке жүктелсін.

Аудан әкімі

Ә. Нәутиев